21492068049

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 28 маусым №4712-24-00-2/2060 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Ақтау қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
жеке кәсіпкер «Лесбек» басшысы Лесбек Арман Қалдыбекұлы

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**

1) Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226, 229 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Ақтау қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесіталап қоюы –қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Лесбек» басшысы Лесбек Арман Қалдыбекұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Лесбек» басшысы Лесбек Арман Қалдыбекұлынан мемлекеттің пайдасына 74 400 (жетпіс төрт мың төрт жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және 4078 (төрт мың жетпіс сегіз) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім

шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 01.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Тленов А. Ш., 06.09.2024

4712-24-3-1/1823